

Kassymbekova Nurilya Sabetkanovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Deputy Director of the Department for Academic Affairs, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, 2 K.Satpayev Str., tel.: +7 701 866 9848, e-mail: nsk.81@mail.ru.

Bapanova Gulzhan Koblandiyevna – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, 2 K.Satpayev Str., tel.: +7 702 305 0110, e-mail: bapanova.gulzhan@gmail.com.

Duissekeyeva Nurgul Zhalelatdinovna – PhD, Senior Lecturer of the “Pedagogy and Psychology” educational program, Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan, 120000, Kyzylorda, 4 Ydryssov alley, tel.: 87052574416, e-mail: duisekeevan@gmail.com.

Kassabolat Aigul Zhaparbekovna* – PhD, Senior Lecturer of the Department of design and engineering graphics, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, 118 Tauelsizdik Str., tel.: 87755293949, e-mail: kasabolata@gmail.com.

XFTAP 14.29.01

ӨОЖ 376

<https://doi.org/10.52269/KGTD2532229>

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ АУТИЗМ СПЕКТРІНДЕ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДІҢ МАЗМҰНДЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Манжибаева Ж.А.* – докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Жиенбаева Н.Б. – психология ғылымдарының докторы, Арнайы педагогика кафедрасының профессоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада жалпы білім беретін мектеп жағдайында аутизм спектрінің бұзылуы бар бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендірудің мазмұндық-технологиялық көрсеткіштері қарастырылған. Авторлар аутизм спектрінің бұзылуы бар балаларды сәтті әлеуметтендірудің негізгі аспектілерін, соның ішінде мазмұндық компоненттерді (әлеуметтік дағдылар, коммуникативті дағдылар, бейімделу мінез-құлқы) және технологиялық тәсілдерді (оқытудың жекелендірілген әдістері, көрнекі қолдау, қолданбалы мінез-құлық талдауы, инклюзивті тәжірибелер) жете талдайды. Мақалада сондай-ақ әлеуметтенудің тиімділік критерийлеріне ерекше назар аударылады, мәселен, құрдастарымен өзара әрекеттесу деңгейі, эмоционалды реттеу, Оқу іс-әрекетіндегі тәуелсіздік. Жалпы білім беру ортасында инклюзивті технологияларды енгізу мәселелері мен перспективалары, сондай-ақ тьюторлық сүйемелдеу мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың рөлі қарастырылады. Сонымен бірге мақалада әлеуметтенудің арнайы педагогикалық тәсілдері мен оқыту әдістері негізінде коммуникативтік дағдыларын үйрету мақсатында аутизм спектрі бұзылған бастауыш сынып оқушыларына педагогикалық қолдау көрсету мәселелері зерттелген. Жалпы білім беретін мектепте аутизм спектрі бұзылған бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендіру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері мәселелері сараланған. Зерттеу аутизм спектрінің бұзылуы бар балалармен жұмыс істейтін тәрбиешілерге, дефектологтарға, психологтарға және ата-аналарға, сондай-ақ инклюзивті білім беру мамандарына пайдалы болуы мүмкін.

Түйінді сөздер: әлеуметтену, аутизм спектрінің бұзылуы, бастауыш сынып оқушылары, инклюзивті білім беру, адаптивті технологиялар, жалпы білім беретін мектеп.

СОДЕРЖАТЕЛЬНО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ СОЦИАЛИЗАЦИИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ С РАССТРОЙСТВАМИ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Манжибаева Ж.А.* – докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

Жиенбаева Н.Б. – доктор психологических наук, профессор кафедры специальной педагогики, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

В статье рассматриваются содержательно-технологические показатели социализации младших школьников с расстройствами аутистического спектра (РАС) в условиях общеобразовательной школы. Авторы анализируют ключевые аспекты успешной интеграции детей с РАС, включая содержательные компоненты (социальные навыки, коммуникативные умения, адаптивное поведение) и технологические подходы (индивидуализированные методы обучения, визуальную

поддержку, прикладной анализ поведения, инклюзивные практики). Особое внимание уделяется критериям эффективности социализации, таким как уровень взаимодействия со сверстниками, эмоциональная регуляция, самостоятельность в учебной деятельности. Рассматриваются проблемы и перспективы внедрения инклюзивных технологий в общеобразовательной среде, а также роль тьюторского сопровождения и психолого-педагогической поддержки. В статье также были исследованы вопросы оказания педагогической поддержки учащимся начальных классов с расстройствами аутистического спектра с целью обучения их коммуникативным навыкам на основе специальных педагогических подходов к социализации и методов обучения. Также дифференцированы особенности организации процесса социализации младших школьников с расстройствами аутистического спектра в общеобразовательной школе. Исследование может быть полезно педагогам, дефектологам, психологам и родителям, работающим с детьми с РАС, а также специалистам в области инклюзивного образования.

Ключевые слова: социализация, расстройства аутистического спектра, младшие школьники, инклюзивное образование, адаптивные технологии, общеобразовательная школа.

CONTENT AND TECHNOLOGICAL INDICATORS OF SOCIALIZATION OF PRIMARY SCHOOL CHILDREN WITH AUTISM SPECTRUM DISORDERS IN SECONDARY SCHOOLS

Manzhibayeva Zh.A.* – PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Zhienbayeva N.B. – Doctor of Psychological Sciences, Professor of the Department of special pedagogy, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

The article examines the content and technological indicators of the socialization of primary schoolchildren with autism spectrum disorders (ASDs) in a secondary school. The authors analyze key aspects of the successful integration of children with ASDs, including content components (social skills, communication skills, adaptive behavior) and technological approaches (individualized teaching methods, visual support, applied behavior analysis, inclusive practices). Special attention is paid to the criteria of effectiveness of socialization, such as the level of interaction with peers, emotional regulation, independence in educational activities. The issues and prospects of introducing inclusive technologies in the general education environment, as well as the role of tutor support and psychological and pedagogical support have been considered. The article also explored the issues of providing pedagogical support to primary school students with ASDs to teach them communication skills based on special pedagogical approaches to socialization and teaching methods. The features of the organization of the process of socialization of primary schoolchildren with ASDs in secondary schools have been also differentiated. The study may be useful for parents, educators, speech pathologists and psychologists working with children with ASDs, as well as specialists in the field of inclusive education.

Key words: socialization, autism spectrum disorders, primary schoolchildren, inclusive education, adaptive technologies, secondary school.

Кіріспе. Аутизм дамудың ауыр, беймәлім әрі аса күрделі бұзылыстарының бірі болып табылады. Мұндай даму патологиясы соңғы уақыттары айтарлықтай жиі кездесуде сондықтан көптеген мемлекеттер аутизм проблемаларына тиісті дәрежеде назар аударып онымен күресу үшін қажетті шараларды жедел қолға ала бастады.

Айта кету керек, әуелде, 2000 жылдары әлем бойынша аутизмнің балалар арасында таралу деңгейі төмен деген пікір болды: 2005 жылдары 10 мың баланың шамамен тек 26-да ғана осындай белгілердің кездесетіндігі белгілі болады. Ал 2005 жылдан кейін жағдай мүлдем басқаша өзгере бастады, енді ерте балалар аутизмі 200-300 жаңа туған нәрестелердің (орта есеппен) біреуінде кездесетіндігі анықталады. Дүниежүзілік аутизм ұйымының деректері бойынша 2008 жылы аутизмнің дәл осындай оқшауланған жағдайы енді 150 балаға тиесілі болатындығы белгілі болады. Сонымен небәрі 10 жылдың ішінде осындай диагнозы бар балалардың саны бірден 10 есеге өскен [1, 25 б.].

Соңғы ресми мәліметтер мынаны көрсетеді, жалпы дүние жүзінде әрбір 1 000 жаңа туған нәрестенің шамамен 1-2 де аутизм спектрінің бұзылуы кездеседі [2, 128 б.].

Мәселен, А.Б.Ташеваның пікірінше аутизм спектрінің бұзылуы бар балалар денсаулығында кемістігі бар балалардың ең қиын бейімделу тобын құрайды [3, 24 б.].

Ал Н.В.Симашкова мен Е.В.Макушкиннің пайымдауынша аутизм спектрінің бұзылыстары болып әлеуметтік өзара әрекеттесу, қарым-қатынас орнату, әлеуметтік бейімделу қабілетінің әлсіз, бала мінезінің стереотипті болмауымен сипатталатын психикалық дамудың күрделі дезинтеграциялық бұзылыстарының тобы табылады.

Аутизм спектрінің бұзылуы бар балаларды оқыту осы ауруға тән мынандай көріністермен сипатталады: баламен байланыс орнату қиындайды, байланыс орнатудағы селективтілік, вербальдік белсенділік жеткіліксіз болады, баланың әлеуметтену қабілеті өте төмен деңгейде болады және аффек-

тивті мінез-құлық көріністерінің болуымен, сондай-ақ, көп жағдайда баламен визуалды және тактильді байланыс орнатудың мүмкін болмауымен сипатталады [4, 31 б.].

Көбіне аутизм спектрінің бұзылуы ол – бұзушылықтар триадасы түрінде көрініс табады; коммуникацияның бұзылуы; әлеуметтік өзара әрекеттесу қабілетінің бұзылуы; мінез-құлық пен моторлы стереотиптер түріндегі ауытқулар. Әрине, бұл аталғандар осы санатқа жатқызылған балалардың өмір сапасы төмендетіп, олардың әлеуметтік ортамен интеграциялануына кедергі келтіреді.

Зерттеудің мақсаты: жалпы білім беретін мектепте аутизм спектріне бұзылысы бар бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендірудің мазмұндық-технологиялық көрсеткіштерін анықтау, оларға талдау жасап, әртүрлі әлеуметтендіру тәсілдерінің аутизм спектріне бұзылысы бар балаларда әлеуметтік қарым қатынас дағдыларын қалыптастырудағы тиімділігін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

1. Жалпы білім беретін мектепте аутизм спектріне бұзылысы бар бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендірудің мазмұндық-технологиялық көрсеткіштерін талдау.

2. Аутизм спектрі бұзылысы балаларды табысты әлеуметтендіруге ықпал ететін факторларды анықтау.

3. Аутизм спектріне бұзылысы бар балаларды әлеуметтендіруге оң ықпал беретін тиімді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу іс-шараларын қарастыру болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Алғаш рет 1943 жылы Швед психиатры Л.Каннер балалар психиатриялық тәжірибесінде кездесетін синдромның толық және оқшауланған сипаттамасын береді және бұл бұзылысты ерте балалық аутизм (ЕБА) деп атайды. 1943 жылы Австриялық дәрігер Г.Аспергер, ал 1947 жылы совет ғалымы С. Мнухин жасөспірімдердегі осыған ұқсас бұзылуларға сипаттама берген болатын [5, 135 б.].

Аутизм спектрінің бұзылуына балалар аутизмі мен Аспергер синдромы сияқты бірнеше диагноздар кіреді, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар, бұл аурудың белгілері әрбір балада әртүрлі сипатта көрініс табуы мүмкін. Кейбір балаларда олардың мүмкіндіктерін шектейтін елеулі ауытқулар байқалуы мүмкін, ал басқаларында, керісінше, ауытқу деңгейі онша айқын аңғарылмауы да мүмкін.

Аутизм спектрі бұзылуы сияқты бұзушылықтың себептері мен механизмдері әдебиетте әртүрлі сипатталған, мәселен, Л.Каннер ерте балалар аутизмі (ЕБА) конституциялық генездің дамуы барысында орын алған тәуелсіз аномалия деп санады, ал В. Bittelheim оның психо-гендік сипатта болатынын негіздеді, яғни автор баланың психикалық белсенділігі мен аффективті саласын оның анасының «авторитарлық» стилімен басуы бұл тұлғаның патологиялық қалыптасуына әкеледі деген тұжырым жасады.

Аутизм спектрі бұзылған балалардың әлеуметтенуіне кедергі келтіретін мән жайлар әр түрлі болуы мүмкін, мәселен, аутизм спектрі бұзылған балалардың басым көпшілігі, яғни олардың 50–70% қарым-қатынас процесі кезінде ымды, интонацияны тиісінше түсініп оны дұрыс қабылдай алмайды. Сондай-ақ мұндай балалар қоршаған ортадағы өзгерістерден, әдеттегі оқиғалар тәртібінің өзгеруінен ерекше үрейленеді.

Аутист баланың сөйлеу қабілетінің төмен болуы олардың әлеуметтік дағдыларды жедел игеруіне кедергі келтіретін басты себептердің бірі болып табылады. Әдетте аутизм белгілерінің клиникалық көріністері өте күрделі болады, сол себепті ол зерттеушіден проблеманы терең білуді және адам бойында бірқатар арнайы қабілеттер мен қасиеттердің болуын, мәселен, байқампаздықты, педагогикалық әдептілікті, шыдамдылықты, зерттелетін контингентпен байланысқа арнайы психологиялық дайындықты талап етеді.

Аутизм спектрінің бұзылуының басты белгісі болып баланың коммуникативті дағдылардың қалыптаспауы, атап айтқанда қоршаған адамдармен қарым-қатынас орнатуға деген қажеттілігінің болмауы табылады. Мәселен, аутизм спектрі бұзылған балалардың едәуір бөлігі қарым-қатынас құралы ретінде тілді мүлдем пайдаланбайды. Бала сөйлеудің орнына ол тек «жайлылық» немесе керісінше, «жайсыздық» туралы белгі беретін дыбыстарды шығарады. Мұндай бұзылыс көріністері әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, аутизм спектрі бұзылған балалардың басым көпшілігі көз байланысын орнатудан қашқақтайды, ал енді бірі әңгімелесушіге үстірт қарайды, не болмаса керісінше, әңгімелесушінің көзіне үңіліп, оған тым мұқият қарауы да мүмкін.

Аутизм спектрі бұзылған балалардың әлеуметтенуі де ерекше сипатта болады, мәселен, аутист бала өз құрдастарымен емес, керісінше, өзінен жасы кіші балаларымен жақсы қарым-қатынас орнатуға икемді болады.

Аутизм спектрінің бұзылуы первазивті, яғни, сан-алуан сипатта болады, сол себепті мұндай балаларға арналған білім беру ортасы осы санаттағы балалардың ерекшеліктерімен айқындалатын әрі өзара байланысы бар бірқатар маңызды факторлардан тұратын елеулі ерекшеліктердің болуын қажет етеді.

Ауру белгілерінің ауырлығына байланысты интеллект коэффициенті орташа қалыпты деңгейінен (Аспергер синдромы) төмен деңгейге дейін (Каннер синдромы) және орташа айқын ақыл-ой кемістігіне (атипті аутизм) байланысты аутизмнің бірнеше формасы болады. Аурудың түріне қарамастан, аутизм

спектрінде бұзылыстары бар балалардағы Векслер сынағы бойынша интеллект көрсеткіштері танымдық саладағы когнитивті дамудың дезинтегративтілігін растайтын әдістеменің ауызша және вербалды емес бөліктері арасындағы үлкен амплитудасын көрсетеді. Осыған сәйкес балаға және отбасына психоәлеуметтік көмекті медициналық мекемелер, әлеуметтік қорғау мекемелері көрсетеді, ал аутизм спектріндегі бұзылыстарды түзетуде айтарлықтай көмекті білім беру жүйесінің көмегімен жүзеге асырылады [6, 49 б.].

Аутизм спектрі бұзылған балаларды әлеуметтендіру барысында жиі кездесетін мәселелердің бірі ол – проблемалық мінез-құлық. Проблемалық мінез-құлық – бұл аутизм спектрі бұзылған баланың белгілі бір жағдайда әлеуметтік тұрғыдан қолайсыз болып табылатын қоршаған орта талаптарына деген жауабы табылады. Проблемалық мінез-құлық әртүрлі формаларда көрініс табуы мүмкін. Мысалы, белсенді түрде наразылық білдіру, ішкі тәртіпке бағынбау, айқайлау, қашу, физикалық агрессия және т. б. Проблемалық мінез-құлық мәселелерін шешу үшін ең алдымен бұл мінез-құлықтың себептерін анықтау қажет. Көбінесе «проблемалық» мінез-құлық патологиялық стресстің белгісі болып табылады, сол себептен бала өздігінен оны жеңе алмайды [7, 210 б.].

Аутизм спектрінің бұзылуы бар балаларда әдетте психиканың әртүрлі аспектілеріне әсер ететін дисонтогенез белгілері байқалады. Баланың қалыпты даму барысы бұзылып немесе кешіктіріліп қана қоймайды, сонымен қатар анық бұрмаланады, баланың психомоторлық дамуында да осындай ерекшеліктер байқалады. [8, 11 б.].

Аутизм спектрінің бұзылуы бар балалардың психомоторлық дамуындағы ауытқуларды ерте диагностикалау және түзету оларды тиімді оқыту мен тәрбиелеудің, ауыр мүгедектік пен әлеуметтік дезадаптацияның алдын алудың басты шарты болып табылады [9, 86 б.].

Бүгінде аутизмнің пайда болу себептерін анықтау әлі мүмкін болмай отыр. Дегенмен, аутизм спектрінің бұзылуының себептері ретінде төмендегідей болжамдар айтылып жүр, мәселен, әйелдің босануының ауыр болуы, не болмаса әйелді дұрыс босандырмау жағдайы, әйелдің жүкті болу кезінде инфекция жұқтыруы, тіпті вакцина алудың нәтижесінде аутизм пайда болады деген пікірлер бар.

Әлеуметтендіруді қоғамдық өмір тәжірибесін игерудің көп қырлы процесі деп қабылдауға болады.

Г.И.Власованың пікірінше, әлеуметтену, педагогикалық құбылыс ретінде, мазмұны өзара байланысты болатын мына компоненттерден тұрады:

- коммуникативтік-белсенділік (коммуникация түрлері мен ынтымақтастық нысандарын игеру тәсілдері);
- когнитивті (әлем туралы, өзі және басқалар туралы әлеуметтік білім және т. б.);
- әлеуметтік-мінез-құлық (әртүрлі қызмет түрлеріндегі әлеуметтік дағдылар, қоғамның ережелері, нормалары);
- мотивациялық-құндылық (әртүрлі әлеуметтік құбылыстардың құндылықтары және олардың адамдар үшін маңызы, өздері үшін жеке маңызды құндылықтар;
- іс-әрекетті ұйымдастыру дағдылары, өзінің және құрдастарының қызметін барабар бағалау. [10, 251 б.].

Аутизм спектрінде бұзылыстары бар балалармен жұмыс жасау кезінде әлеуметтендірудің әр түрлі әдістері мен тәсілдері қолданыс табуы мүмкін.

Аутизм спектрінің бұзылуы бар балалармен жұмыс істеудің келесі негізгі тәсілдері мен әдістері бар.

1. Мінез – құлық тәсілдері: ABA (Applied behavior analysis) – қолданбалы мінез – құлық талдауы; VBA (Verbal behavior analysis) – ауызша мінез-құлық талдауы; Pivotal Response Treatment (PRT) – негізгі реакцияларды оқыту; TEACCH (Treatment and Education of Autistic and Related Communication handicapped children) – аутизмі бар балаларды және ерекше балаларды оқытуға мүмкіндік беретін бағдарлама қажеттіліктері және т. б.

2. Дамытушылық тәсілдер: эмоционалды-мағыналық тәсіл; Dir Floortime; Son-Rise; Daily life therapy-күнделікті өмірлік терапия; RDI-тұлғааралық қатынастарды дамыту бағдарламасы; PECS-сурет алмасудың коммуникациялық жүйесі және т. б.

3. Сенсорлық-перцептивті тәсілдер: сенсорлық интеграция; Томатис-терапия және т. б.

4.Эклектикалық тәсілдер: SCERTS моделі: Миллер әдісі-Миллер әдісі және т. б. мәселе бойынша ғылыми әдебиеттерге шолу. Аутизм спектрінде бұзылыстары бар балалармен жұмыс істеудің қазіргі заманғы тәсілдерінің көпшілігі, негізгі мақсат ретінде балаға білім беру және кәсіби жүйелерде өз орнын табуға мүмкіндік беретін жеке өмірлік маршрутты әзірлеуге бағытталған (О.Богдашина, С. Гринспен, И.А. Костин, К.С. Лебединская, О.С.Никольская, Д. Фейн және т. б.). Бұл мақсатқа жету баланың өзіне көмектесу технологияларын біріктіретін және ол тәрбиеленетін отбасын қолдайтын жүйелі тәсілді жүзеге асыруды талап етеді. Аутизм спектрінде бұзылыстары бар балаларды оқыту мен сүйемелдеудің қолданыстағы технологияларының едәуір бөлігі негізінен олардың негізінде жатқан теориялық алғышарттардың көптігіне байланысты, бұл өз кезегінде қарастырылып отырған бұзылыстың клиникалық полиморфизмінен туындайды (М.К. Бардышевская, В.В. Лебединский, С.А. Морозов, Т. И. Морозова, Е. Шоплер, Р. Симпсон).

Бүгінгі таңда аутизмді түзету саласында жеткілікті нәтижелерге қол жеткізуге болатын төрт принципті әдіснамалық тәсіл белгілі. Бұл процестің тұжырымдамалық негізін келесі әдістер құрайды: ABA, TEASN Son-rise, пәндік терапия (ынталандыру және сенсорлық интеграция). TEASN (teaching children with Autism to Mind-Read) әдістемесі балаға ерекше, тітіркендіргіш факторы жоқ орта құруды қарастырады [11, 135 б.].

ABA-мінез-құлықты модификациялау әдісі аурудың күрделі түрлерін түзету кезінде қолданылады. Әрбір әрекетті бала егжей-тегжейлі үйренеді, содан кейін толығырақ күрделі әрекетті қалыптастыру үшін олар тізбекке біріктіріледі. Мұғалім барлық жаңа дағдылар мен қозғалыстарды кезең-кезеңімен игерудің күрделі жүйесін қалыптастырады. ABA арсеналында көптеген жүздеген бағдарламалар бар. ABA-ның басты мақсаты-балаға мүмкіндік беру және оған қоршаған әлемді өз бетінше игеруге көмектесу. Шетелде ABA жүйесі бойынша баламен күнделікті сабақтарды әртүрлі біліктіліктегі бірнеше мамандар жүргізеді (музотерапевт, мінез-құлық дағдылары бойынша дефектолог және т.б.) [12, 137б.].

Баланың мектепке әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің негізгі көрсеткіштеріне мыналар жатады: адекватты мінез-құлық, оқушылармен, мұғаліммен оң байланыс орната білуі, оқу іс-әрекетінің дағдылары жақсы деңгейде игеру [13, 73б.].

Нәтижелер мен талқылау. Қазіргі уақытта аутист балалардың едәуір бөлігі уақтылы диагноз қойылмағандықтан және дер кезде тиісті сапада кәсіби көмек алмағандықтан олар білім алуға қабілетсіз және әлеуметтенуге жатпайды деп танылады. Бұл әрине, дұрыс емес. Мәселен, уақтылы басталған түзету жұмыстарының көмегімен аутизм тенденцияларын жеңуге және мұндай балаларды біртіндеп әлеуметтік ортаға табысты бейімдеуге әбден болады. Осы зерттеудің қортындыларын негізге ала отырып төмендегідей нәтижелер жайында айтып кетуге болады.

Біріншіден, жалпы білім беретін мектепте аутизм спектрінде бұзылысы бар бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендірудің тиімділігі бірқатар педагогикалық жағдайларға тікелей тәуелді болады, олар атап айтқанда, мектептегі ортаның дұрыс ұйымдастырылуы, білім беру, тәрбиелеу, әлеуметтендіру сияқты процестерді жүзеге асыру кезінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың сапалы болуы маңызды.

Екіншіден, аутизм спектрінде бұзылысы бар бастауыш сынып оқушыларын табысты әлеуметтендіру үшін түзету жұмыстарын мейлінше ерте бастаған жөн, сондай-ақ педагогикалық түзету іс-шаралары кешенді сипатта болғаны дұрыс.

Үшіншіден, педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын мамандардың аутист баланы тәрбиелеп отырған отбасылармен үнемі тұрақты қарым-қатынаста болуы, олардың бірлесіп жұмыс істеуге деген, яғни командалық көзқарасының болуы маңызды болып табылады.

Төртіншіден, аутизм спектрінде бұзылыстары бар балаларға әлеуметтік коммуникация дағдыларын үйрету үшін виртуалды компьютерлік технологиялармен байытылған заманауи әрі кешенді озық әлеуметтендіру модельдерін қолданысқа мейлінше белсенді түрде енгізу қажет.

Бесіншіден, бастауыш сыныпта оқитын аутист балалар жалпы білім беретін кәдімгі мектептің оқу бағдарламасын меңгеруге қабілетті деп айтуға болады, алайда, көп жағдайда оны жүзеге асыру барлық кезде мүмкін бола бермейді, себебі жалпы білім беретін мектептердегі сыныпта оқушылардың саны көп болады, соның салдарынан мұғалімдер мұндай контингентпен жұмыс істеп үлгермейді. Нәтижесінде балалар үйде оқытуға ауыстырылып жатады, тіпті кейбір ата-аналар осы мәселені шешу мақсатында оқушылар саны аз жеке меншік мектептерге жүгініп жатады. Бұл Қазақстанның жалпы орта білім беру жүйесінің жедел шешімді қажет ететін маңызды әрі өзекті проблемаларының бірі болып табылады. Сондықтан да біздіңше, аутизм спектрі бұзылған барлық балалар, аутистикалық бұзылулардың ауырлығы мен бұзылудың даму дәрежесіне қарамастан мемлекеттік деңгейінде оларға арнайы білім беру жағдайлары қарастырлуы тиіс, яғни олардың әлеуметтенуіне, мектепте оқуына қолдау жасауы қажет. Себебі, аутизм спектрі бұзылған балалар педагогикалық және психологиялық сүйемелдеуді қажет етеді, сол себепті оларға мемлекеттік деңгейде тұрақты қолдау жүйесін қалыптастыру керек. Бұл аутизм спектрінде бұзылысы бар балаларды табысты әлеуметтендіруге негіз қалайды.

Осы зерттеу жұмысындағы эмпирикалық мәліметтер аутизм спектрінде бұзылысы бар балалардың әлеуметтену динамикасын көрсететін сандық және сапалық көрсеткіштерін қамтиды. Мәселен, ABA терапиясын қолдану негізінде аутизм спектрі бұзылған бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендіру механизмдерін зерттеу және ABA терапиясының тиімділігін бағалау мақсатында біздер төмендегідей экспериментті жүзеге асырдық. Бұл эксперимент Алматы қаласының Әуезов ауданында орналасқан № 42 жалпы білім беретін мектеп базасында жүзеге асырылды.

Эксперименттің мақсаты:

Аутизм спектрінде бұзылыстары бар бастауыш сынып оқушыларында ABA терапиясының әлеуметтік дағдыларды дамытуға әсерін бағалау.

Гипотеза:

ABA терапиясын жүйелі қолдану аутизм спектрінде бұзылыстары бар балаларда әлеуметтік дағдылардың айтарлықтай жақсаруына әкеледі.

Эксперимент әдістемесі

1. Қатысушылар:

7–10 жас аралығындағы аутизм спектрінде бұзылыстары бар диагнозы бар балалар.

Эксперименттік топта 10 қатысушы, ал бақылау тобында 10 қатысушы бар.

2. Эксперимент дизайны:

Эксперименттік топта 6 ай көлемінде АВА терапиясын алатын балалардан құралған.

Бақылау тобы: АВА терапиясын алмайтын, бірақ әдеттегі жаттығулар мен қолдауды жалғастыратын балалардан тұрады.

3. Айнымалылар:

Тәуелсіз айнымалы: АВА терапиясын қолдану.

Тәуелді айнымалы: әлеуметтік дағдылардың даму деңгейін ескеру (мысалы, өзара әрекеттесу қабілеті, қарым-қатынас, әлеуметтік нормаларды сақтау т.б.).

Бақылау айнымалылары: жас, интеллект деңгейі, аутизмнің ауырлық деңгейі, оқу шарттары.

4. Бағалау әдістері:

Әлеуметтік дағдыларды бағалау үшін стандартталған тестілерді қолдану (мәселен, Vineland Adaptive Behavior Scales).

Балалардың қалыпты жағдайдағы мінез-құлқын бақылау (мектеп, ойын алаңы).

Ата-аналар мен мұғалімдерден сауална алу.

5. Рәсім:

1 кезең: барлық қатысушылардың әлеуметтік дағдыларына бастапқы бағалауды жүргізу.

2 кезең: эксперименттік топ АВА терапия курсын бастайды

(мысалы, аптасына 2-3 сабақ).

3 кезең: 6 айдан кейін екі топта да әлеуметтік дағдыларды қайта бағалау жүргізілді.

4 кезең: эксперименттік және бақылау топтары арасындағы нәтижелерді салыстыру.

Эксперименттік топ және бақылау топтары арасында эксперимент соңында біздер мынандай нәтижелерге қол жеткіздік:

1. Бақылау тобымен салыстырғанда эксперименттік топта қарым-қатынас дағдыларының едәуір жетілгендігін байқадық. Атап айтқанда қатысушылардың сөйлеу және вербалды емес қарым-қатынас дағдыларын дамытуда айтарлықтай прогресс байқалды.

2. Эксперименттік топта әлеуметтік дағдылардың дамуында айқын басымдықтардың барын байқадық. Басқа адамдармен, соның ішінде өз құрдастарымен және өзге ересектермен қарым-қатынас жасау қабілеті едәуір жақсарды. Әлеуметтік байланыстардың ұзақтығы мен сапасы артты.

3. Эксперименттік топта проблемалық мінез-құлықтың белгілері төмендеді.

Жағымсыз мінез-құлықтың жиілігі мен қарқындылығы азайды.

4. Эксперименттік топта академиялық және тұрмыстық дағдылардың дамуы байқалды. Оқу тапсырмаларын орындау, нұсқауларды іске асыру және тапсырмаларды орындау қабілеті жақсарды. Сондай-ақ өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларының сапалы қалыптаса бастағанын аңғардық, мысалы, киіну, гигиена, тамақтану және т.б.

Жалпы аутизм спектрінің бұзылуы бар балалардың әлеуметтенуінің тиімділігін өлшеуге арналған критерийлер мен көрсеткіштер жүйесі мыналарды қамтиды;

Әлеуметтену критерийлер:

Қарым-қатынас дағдылары.

Индикаторлар:

Ауызша және вербалды емес қарым-қатынас құралдарын қолдану (қимылдар, сөйлеу), диалогты бастау және қолдай білу, сөзді түсіну.

Әлеуметтік өзара әрекеттесу:

Индикаторлар:

Көз байланысын орнату және қолдау мүмкіндігі.

Басқа адамдардың эмоцияларын тани білу.

Бірлескен ойындар мен топтық іс-шараларға қатысу.

Әлеуметтік белгілерге барабар жауап (сәлемдесу, өтініштер, бас тарту).

Бейімделу мінез-құлқы:

Индикаторлар:

Күнделікті тәртіпті сақтау мүмкіндігі.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары (гигиена, киіну, тамақтану).

Әдеттегі әрекеттерді өзгертуге икемділік.

Эмоционалды-ерікті сала:

Индикаторлар:

Эмоцияларды әлеуметтік қолайлы түрде білдіру мүмкіндігі.

Стресстік жағдайларда эмоцияларды реттеу.

Әлеуметтік байланыстардағы мазасыздық пен агрессия деңгейінің төмендеуі.

Білім беру және әлеуметтік ортаға инклюзия:

Индикаторлар:

Балалар ұжымына (балабақша, мектеп, үйірмелер) табысты кірігу.

Құрдастарымен және тәрбиешілермен өзара әрекеттесу.

Қоғамдық іс-шараларға қатысу.

Бағалау әдістері:

Бақылау (табиғи ортада және құрылымдық жағдайларда).

Стандартталған тесттер (ADOS, CARS, Vineland шкаласы).

Ата-аналар мен тәрбиешілерге арналған сауалнамалар (ABC, SCQ).

Өзара әрекеттесу бейнежазбаларын талдау.

Сараптамалық бағалау (психолог, дефектолог, логопед).

Әлеуметтену тиімділігінің деңгейлері:

Жоғары: бала белсенді қарым-қатынас жасайды, қарым-қатынас дағдыларын қолданады, жаңа жағдайларға бейімделеді.

Орташа: әлеуметтену қолдау арқылы мүмкін, бірақ стихиялық қарым-қатынаста қиындықтар бар.

Төмен: балаға үнемі сүйемелдеу, минималды әлеуметтік белсенділік қажет.

Түзету және дамыту:

Алынған мәліметтер негізінде әлеуметтенудің жеке бағыты жасалады:

АВА терапиясы, әлеуметтік әңгімелер, әлеуметтік дағдыларды оқыту, сенсорлық интеграция, ойын терапиясы. Әлеуметтену тиімділігін өлшеуге арналған бұл критерийлер мен көрсеткіштер жүйесі аутизм спектрінің бұзылуы бар балалардың әлеуметтену динамикасын объективті бағалауға және түзету жұмыстарын тиімді етіп жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

1 кесте – Аутизм спектрінде бұзылысы бар бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтену көрсеткіштері

Әлеуметтену критерийі	Көрсеткіштер	Әдістер мен технологиялар
Қарым-қатынас дағдылары	Диалогты бастау және қолдау мүмкіндігі	Әлеуметтік әңгімелер
Әлеуметтік өзара әрекеттесу	Басқа адамдардың эмоцияларын түсіну	Ойын терапиясы (FloorTime, dir моделі)
Мектеп ортасына бейімделу	Құрдастарымен бірлескен қызмет	Қолданбалы мінез-құлықты талдау әдісі (ABA)
Эмоционалды реттеу	Топтағы ережелерді сақтау	Әлеуметтік дағдыларды топтық оқыту

2 кесте – Аутизм спектрінде бұзылысы бар бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтену әдістерін салыстырмалы талдау

Әдістер мен технологиялар	Жоғары функционалды аутизм (VFA)	Төмен функционалды аутизм (NFA)	Әмбебап тәсілдер
Әлеуметтік әңгімелер	Күрделі сценарийлерді оқыту (Достық, қақтығыстар)	Суреттері бар қарапайым схемалар	Ережелерді визуализациялау
АВА терапиясы	Метафоралар мен жұмыс	Тұрмыстық жағдайларға баса назар аудару (дәретхана, кезек)	Ынталандыру жүйесі
Сенсорлық интеграция	Сценарийлер арқылы диалогты дамыту	Негізгі дағдыларды пысықтау (көзбен байланыс, өтініш)	Кеңістікті оңтайлы ұйымдастыру
Тьюторлық сүйемелдеу	Бастаманы ынталандыру	Терең қысым (салмақты кеудешелер), сенсорлық қораптар	Жеке жоспар

3 кесте – Мұғалімдердің сауалнамасы бойынша әлеуметтенуге кедергілер

Қиындықтардың себептері	Жауаптардың %
Мұғалімдердің білімінің жетіспеушілігі	(42%)
Ресурстардың жетіспеушілігі (тьюторлар, материалдар)	(33%)
Нейротиптік балалардың ата-аналарының қарсылығы	(15%)
АСБ бар баланың мінез-құлқының ерекшеліктері	(25%)

4 кесте – Әлеуметтендіру әдістерінің, технологияларының тиімділік рейтингі (Педагогтердің сауалнамасы бойынша)

Әдіс	Тиімділігі (%)
Көрнекі құралдар қолдау	(85%)
АВА терапиясы	(70%)
Әлеуметтік әңгімелер	(60%)
Сенсорлық интеграциясы	(50%)

Қорытынды. Сонымен бұл зерттеу бойынша төмендегідей қортындылар жасауға болады, яғни, жалпы білім беретін мектепте аутизм спектрі бұзылған бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендірудің мазмұндық-технологиялық көрсеткіштері әлеуметтік дағдыларды бағалауға және дамытуға, аутизм спектрінде бұзылуы бар балаларды мектеп ортасына бейімдеуге және интеграциялауға бағытталған әдістер мен құралдар кешенін қамтиды. Мәселен, әлеуметтендірудің мазмұндық көрсеткіштері аутизм спектрінде бұзылуы бар балаларда қалыптастыруды, дамытуды қажет ететін әлеуметтенудің негізгі аспектілері қамтылады, мысалы, коммуникативті дағдылар, әлеуметтік өзара әрекеттесу, мектеп ортасына бейімделу, эмоционалды-ерікті реттеу және т. б. Ал технологиялық көрсеткіштер әлеуметтендіру кезінде қолданылатын әдістер мен тәсілдерді және құралдарды сипаттайды, атап айтқанда жұмыстың жеке және топтық формалары, визуалды қолдау, сенсорлық интеграция, инклюзивті ортаға қосу, бақылау және бағалау т.б. Сондай-ақ жалпы білім беретін мектепте аутизм спектрінде бұзылысы бар бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендірудің мазмұндық-технологиялық көрсеткіштері сан алуан факторларға тәуелді болады.

Жалпы білім беретін мектепте аутизм спектрінде бұзылысы бар бастауыш сынып оқушыларын тиімді әлеуметтендіру жеке мазмұнды (нақты қандайда бір дағдыларды дамытуды) және бейімделген технологияларды (бейнелеу әдістері, қоршаған ортаны құрылымдауды) біріктіруді талап етеді. Әлеуметтендіруде табысқа жету үшін тек академиялық жетістіктерді ғана емес, сонымен қатар тәуелсіздік деңгейін жоғарылатуды, алаңдаушылықты азайтуды және әлеуметтік байланыстардың өсуін қамтамасыз ету қажет болады. Аутизмді түзетуге бағытталған іс-шаралардың ең маңызды шарттарының бірі оның ерте диагностикасы болып табылады: бұл ретте баланың коммуникативті қабілеттері тез қалпына келіп оның әлеуметтік ортаға бейімделуі айтарлықтай нәтижелі болады. Сондай-ақ аутизм спектрінде бұзылысы бар бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендіруге, түзетуге бағыттағы арнайы іс-шаралардың сапалы әрі уақтылы өткізілуі маңызды рөл атқарады.

Аутистерді әлеуметтендіру мақсатында іске асырылатын педагогикалық түзету жұмыстарын жүзеге асырған кезінде зейінді қалыптастыруға, тәуелсіздікті дамытуға ықпал ететін әдістер мен технологияларды мейлінше кең қолдану маңызды болып табылады. Мектеп ұжымы мен аутист баланың ата-аналарының бірлесіп мүдделі атсалысуы аутизм спектрінде бұзылысы бар бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендіру кезінде оң нәтижелердің қалыптасуына негіз қалайды.

Аутизм спектрінде бұзылуы бар балаларды әлеуметтендіру логопед, психолог, дефектолог және медицина қызметкері сияқты мамандардың көмегін қажет етеді. Міне осы мамандардың білім дәрежесі, біліктілігі, кәсіби құзреттілігі аутизм спектрінде бұзылыстары бар бастауыш сынып оқушыларын білім беру кеңістігіне толыққанды енгізіп оларды табысты әлеуметтендіруде оң ықпал етеді.

Аутистер үшін білім беру кеңістігін қолайлы етіп ұйымдастыру, яғни, оларды қауіпсіз әрі жайлы етіп қалыптастыру, сондай-ақ педагогтар мен өзге сала мамандарының өзінің кәсіби қызметтерін адал, ізгілікпен, әрі аса жауаптылықпен атқаруы аутистерді әлеуметтендірудің сапасын жақсартатын маңызды фактор деп қарастыруға болады. Алайда, осы тұрғыда мемлекет тарапынан аутист балалармен жұмыс жасайтын педагогтердің, мысалы логопед, психолог, дефектолог және медицина қызметкері сияқты мамандардың қызметін қаржылық тұрғыдан әділ, адал бағалау қажет деп санаймыз.

Аутизм спектрінде бұзылыстары бар бастауыш сынып оқушыларын білім беру кеңістігіне толыққанды енгізіп оларды табысты әлеуметтендіру үшін алдымен еліміздің білім беру жүйесін реформалау қажет. Өйткені аутизм спектрінде бұзылысы бар балаларды әлеуметтендіру саласында қазіргі кезде қалыптасып отырған тәжірибе заманның жаңа талаптарына сай емес, нәтижесінде жалпы білім беретін мектептерде қолданыс тауып жүрген әлеуметтендіру іс-шаралары әзірше аса тиімділік танытып отырған жоқ.

Аутизм көбіне осындай баланы тәрбиелеп отырған ата-аналардан үлкен материалдық шығындарды талап етеді, сондықтан мемлекет мұндай отбасыларға арналған әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа жүйесін, жаңа стандарттарын қалыптастыру қажет деп санаймыз.

Қазақстанда аутизм спектрінде бұзылысы бар бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендіруге байланысты шешімін таппаған біршама проблемалар бар, мәселен, еліміздің жалпы орта білім беру жүйесі үшін арнайы педагогика саласының мамандары аса қажет. Атап айтқанда, арнайы педагогтарға, соның ішінде дефектологтарға, логопедтерге, әлеуметтік педагогтарға, тьюторлерге, балалар пси-

хологтарына және өзге де қосалқы кәсіби сүйемелдеу мамандарына деген сұраныс бүгінде тым жоғары болып отыр. Бұл мәселені шешу үшін еліміздің педагогикалық жоғары оқу орындарында арнайы педагогтарды жеткілікті деңгейде даярлау мәселесін жедел қолға алу қажет деп санаймыз.

Қазақстанда жалпы білім беретін мектептерде оқитынын аутизм диагнозы қойылған балалар саны әрине аз, сондай-ақ аутизм спектрінде бұзылысы бар балалар үшін арнайы жабдықталған білім беру кеңістіктері жетіспейді. Бұл еліміздің жалпы орта білім беру жүйесінің аутизм спектрі бұзылған балаларға арнайы мамандандырылған көмек көрсетуге әлі де болса толық қанды дайын еместігін көрсетеді. Сонымен қатар аутизмнің алдын алудың, диагностикалаудың және түзету шараларын жүзеге асырудың аутист балалардың ата-аналарына әлеуметтік, психологиялық көмек көрсетудің мемлекеттік деңгейде жаңа жүйесін құру қажет. Аутистерге білім берудің жаңа мемлекеттік стандартын қабылдау қажет деп санаймыз, оны жүзеге асыру кезінде Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктері осы бағытта өздерінің күш жігерін үйлестіруі маңызды болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Астапова, В.М., Микадзе, Ю.В. Психология детей с отклонениями и нарушениями психического развития [Текст] / В.М. Астапова, Ю.В. Микадзе. – СПб., 2002. – 472с.
- 2 Craig J., Newschaffer, et al. The epidemiology of autism spectrum disorders [Text] / J. Craig, Newschaffer, et al // Annual Review of Public Health, 2007. – Vol. 28. – April. – pp.235-258.
- 3 Досше, Д. М. Кататония и расстройства аутистического спектра: диагностика, терапия и клиническая наука. [Текст] / Д.М. Досше // Аутизм и нарушения развития. – М.: 2019. – Том 17. №1. – С. 24-35.
- 4 Симашкова, Н.В., Макушкин, Е.В. Расстройства аутистического спектра: диагностика, лечение, наблюдение: клинические рекомендации (протокол лечения). [Текст] / Н.В. Симашкова, Е.В. Макушкин, 2015. – 48 с.
- 5 Бочкарева, О.С. Аутизм (синдром Каннера) / О.С. Бочкарева // Журнал Медиалю.ру – [Электронный ресурс] URL: <https://medicalj.ru/diseases/psychiatrics/852-autizm> (дата обращения 20.07.2025).
- 6 Забозлаева, И.В., Малинина, Е.В., Саблина, А.А., Сединкин, А.А., Мануйлов, Г.В. Клинико-динамические особенности когнитивных нарушений у детей с расстройствами аутистического спектра [Текст] / И.В. Забозлаева, Е.В. Малинина, А.А. Саблина, А.А. Сединкин, Г.В. Мануйлов // Вестник Южноуральского гос. ун-та. – 2014. – Т. 7. – № 4. – С. 44-51.
- 7 Шенкер, С. Саморегуляция: как помочь ребенку (и себе) справиться со стрессом [Текст] / С. Шенкер. – Минск: Попурри, 2021 – 312 с.
- 8 Плаксунова, Э.В. Особенности двигательной сферы и психомоторики детей с аутизмом [Текст] / Э.В. Плаксунова // Аутизм и нарушения развития. – 2008. – Т. 6. – № 3. – С. 10-12.
- 9 Мастюкова, Е.М. Ребенок с отклонениями в развитии: ранняя диагностика и коррекция [Текст] / Е.М. Мастюкова. – М.: Просвещение, 2016. – 95 с.
- 10 Власова, Г. И. Социализация младших школьников в современной институциональной среде (на примере городских образовательных сообществ): автореф. дисс. ... канд. пед. наук [Текст] / Г. И. Власова. – Санкт-Петербург, 2014. – 29 с.
- 11 Колдуэлл, Ф., Хорвуд, Д. Интенсивное взаимодействие и сенсорная интеграция в работе с людьми с тяжелыми формами аутизма. [Текст] / Ф. Колдуэлл, Д. Хорвуд.- М. : Теревинф, 2022. – 128 с.
- 12 Никольская, О.С. Аутизм и расстройства аутистического спектра: диагностика и коррекционная помощь [Текст]: учебник для вузов / О.С. Никольская – Москва: Издательство Юрайт, 2025. – 295 с.
- 13 Овчарова, А.П. Понятие «психолого-педагогическое сопровождение детей младшего школьного возраста» как педагогическая категория [Текст] / А.П. Овчарова // Вестник Ленинградского государственного университета им. А.С. Пушкина. – 2012. – №4. – С. 70-77.

REFERENCES

- 1 Astapova V.M., Mikadze Yu.V. Psihologiya detej s otkloneniyami i narusheniyami psichicheskogo razvitiya [Psychology of children with disabilities and disorders of mental development]. Saint Petersburg, 2002, 472 p. (In Russian)
- 2 Craig J., Newschaffer, et al. The epidemiology of autism spectrum disorders. *Annual Review of Public Health*, 2007, Vol. 28, April, pp. 235-258.
- 3 Dosshe D.M. Katatoniya i rasstrojstva autisticheskogo spektra: diagnostika, terapiya i klinicheskaya nauka [Catatonia and autism spectrum disorders: diagnosis, therapy, and clinical science]. *Autizm i narusheniya razvitiya*, 2019, vol 17, no. 1, pp. 24-35. (In Russian)

- 4 Simashkova N.V., Makushkin E.V. **Rasstrojstva autisticheskogo spektra: diagnostika, lechenie, nablyudenie: klinicheskie rekomendacii (protokol lecheniya)** [Autism spectrum disorders: diagnosis, treatment, observation: clinical recommendations (treatment protocol)]. 2015, 48 p. (In Russian)
- 5 **Bochkareva, O.S. Autizm (sindrom Kanner)** [Autism (Kanner syndrome)]. Medical.ru journal, available at: <https://medicalj.ru/diseases/psychiatrics/852-autizm> (accessed 20 July 2025). (In Russian)
- 6 Zabozaeva I.V., Malinina E.V., Sablina A.A., Sedinkin A. A., Manujlov G.V. **Kliniko-dinamicheskie osobennosti kognitivny'h narushenij u detej s rasstrojstvami autisticheskogo spektra** [Clinical and dynamic features of cognitive impairments in children with autism spectrum disorders]. *Vestnik Yuzhnoural'skogo gos. un-ta*, 2014, vol. 7, No. 4, pp. 44-51. (In Russian)
- 7 **Shenker S. Samoregulyaciya: kak pomoch' rebenku (i sebe) spravlyat'sya so stressom** [Self-regulation: how to help a child (and yourself) cope with stress]. Minsk, Popurri, 2021, 312 p. (In Russian)
- 8 **Plaksunova E.V. Osobennosti dvigatel'noj sfery' i psiomotoriki detej s autizmom** [Features of the motor sphere and psychomotor skills of children with autism]. *Autizm i narusheniya razvitiya*, 2008, vol. 3, pp. 10-12. (In Russian)
- 9 **Mastyukova E.M. Rebenok s otkloneniyami v razvitii: rannaya diagnostika i korrekciya** [A child with developmental disabilities: early diagnosis and correction]. Moscow, Prosveshchenie, 2016, 95 p. (In Russian)
- 10 **Vlasova G.I. Socializaciya mladshih shkol'nikov v sovremennoj institucional'noj srede (na primere gorodskih obrazovatel'ny'h soobshhestv)** [Socialization of primary school students in a modern institutional environment] (using the example of urban educational communities)]. Abstract from PhD thesis, Petersburg, 2014, 265 p. (In Russian)
- 11 **Kolduell F., Horvud D. Intensivnoe vzaimodejstvie i sensornaya integraciya v rabote s lyud'mi s tyazhely'mi formami autizma** [Intensive interaction and sensory integration in working with people with severe forms of autism]. Moscow, Terevint, 2022, 128 p. (In Russian)
- 12 **Nikolskaya O.S. Autizm i rasstrojstva autisticheskogo spektra: diagnostika i korrekcionnaya pomoshch'** [Autism and autism spectrum disorders: diagnosis and correctional assistance]. Moscow, Izdatel'stvo Yurajt, 2025, 295 p. (In Russian)
- 13 **Ovcharova A.P. Ponyatie «psihologo-pedagogicheskoe soprovozhdenie detej mladshego shkol'nogo vozrasta» kak pedagogicheskaya kategoriya** [The concept of "psychological and pedagogical support for children of primary school age" as a pedagogical category]. *Vestnik Leningradskogo gosudarstvennogo universiteta im. A.S. Pushkina*, 2012, vol. 4, pp. 70-77. (In Russian)

Авторлар туралы мәліметтер:

Манжибаева Жанар Аралтаевна* – докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Төле би көш., 31, тел.: +77752284856, e-mail: zhanar.manzhibaeva@mail.ru.

Жиенбаева Надежда Бисеновна – психология ғылымдарының докторы, профессор, Арнайы педагогика кафедрасының оқытушысы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Төле би көш., 31, тел.: +77778360055, e-mail: zh_nadejda@mail.ru.

Манжибаева Жанар Аралтаевна* – докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050000, г. Алматы, ул.Төле би 31, тел.: +77752284856, e-mail: zhanar.manzhibaeva@mail.ru.

Жиенбаева Надежда Бисеновна – доктор психологических наук, профессор кафедры специальной педагогики, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050000, г.Алматы, ул. Төле би 31, тел.: +77778360055, e-mail: zh_nadejda@mail.ru.

Manzhabayeva Zhanar Araltayevna* – PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050000, Almaty, 31 Tole bi Str., tel.: +77752284856, e-mail: zhanar.manzhibaeva@mail.ru.

Zhienbayeva Nadezhda Bissenovna – Doctor of Philosophy, Professor of the Department of special pedagogy, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050000, Almaty, 31 Tole bi Str., tel.: +77778360055, e-mail: zh_nadejda@mail.ru.